әдебиеттанушылық құзіреттілік – орыс әдебиеті мен фольклорының тарихи дамуы мен қазіргі жай-күйі туралы білімдер жиынтығы мен әдеби үдерістің заңдылықтарын, көркем мәтіннің мәнін және оның қоғам мен мәдени дәуірдегі жағдайлармен байланысын түсіну шеберліктері; 3. лингвомәдени құзіреттілік – елдің әлем мәдениетіндегі рөлі мен орны туралы, мәдениеттанудың басты ұғымдары туралы білім мен осы білімді кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу мен мәдени өкіл функциясы қызметтерін орындау, әдеби-тарихи және мәдени-эстетикалық мәселелерге тұлғалық көзқара- сын көрсету шеберлігі; 4. педагогикалық құзіреттілік –

оқыту мен білім теориясы мен тәжірибесі, тәрбие теориясы, педаго- гикадағы заманауи бағыттар, «нақтылы оқу пәндерінде оқушының шығармашылық ойлауын, білімі, адамгершілік тұлғасын қалыптастыру мен дамыту үшін педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру ерекшеліктері» туралы білім [6, 53] мен жоғары оқу орнында тіл мен әдебиетті оқытудың кәсіби- тәжірибелік дағдыларын игеру шеберлігі; 5. психологиялық құзіреттілік – негізгі психикалық үдерістер, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен олардың білім беру үдерісін дамыту заңдылықтары туралы білім және студенттердің тұлғалық даму деңгейін, олардың даму уәждерін анықтау; бақылау негіздеріне қарай тұлғалық қажетті- ліктерін анықтау шеберліктері т.б.; 6. әдістемелік (лингводидактикалық) құзіреттілік – орыс тілі мен әдебиетіне, сонымен қатар, шет тілі мен шетел әдебиетіне оқыту әдістемесінің әдістемелік және теориялық негіздері туралы білім және алған теориялық білімін интегративті түрде әдістеме бойынша тәжірибеде қолдану шеберлігі; 7. кәсіби-

коммуникативті құзыреттілік – тілдің және әлеуметтік-мәдени білімдер көмегімен кәсіби (оқу, ғылыми, өндірістік және т.б.) қызметінде қолдану қабілеті мен өзінің серіктесіне қатысты қарым- қатынастың ыңғайлы түрін таңдай білу шеберлігі; 8. шет тілді коммуникативті құзіреттілік – шет тілінде кәсіби қарым-қатынас жасау үдерісінде басқа субъектілермен толыққанды өзара әрекет етуді қамтамасыз ететін білім мен шеберліктер кешені. Лингвистикалық

құзіреттілік тіл білімі, әдебиеттану саласына негізделеді. Коммуникативті құзіреттілік негізгі тіл, классикалық тілдер мен шет телдерінен тұратын блок қалыптастырады.

Пайдаланылғанәдебиеттертізімі:

- 1.В.В.Воробьев «Лингвокультурология(теория и методы)»,Москва: Из-во РУНД,1977-178с.
2. Кунанбаев С.С. «Современное иноязычное образование: Методология и теория», - Алматы: Эдельвейс, - 2005- 176с.
3. Прохоров Ю.Е. Когнитивная лингвистика и теория перевода,2009-96с.
4. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы), М.,1997-181с.
5. Городецкая Л. А. Лингвокультурная компетентность и лингвокультурные коммуникативные компетенции: разграничение понятий / Л. А. Городецкая // Вопросы культурологии. – 2009. – № 1. – С. 48-51.6. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. М.: Художественная литература, 1975. - 502 с.6. Маслова В. А. Лингвокультурология / В. А. Маслова. – М.: Академия, 2004. – 202 с.

Усейнова Д.А.

ҚазМемҚызПу магистранты

«6M011900 – Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығы

Алматы, Қазақстан

e-mail: dil-nura@mail.ru

Ғылыми жетекші: PhD докторы Өтеген Н.О.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы орта мектептерде бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі сабағында коммуникативті құзыреттілігін дамытудың жолдары, маңыздылығы, мақсаты, яғни оқушылардың шетелдік өзге тіл өкілдерімен емін-еркін қарым-қатынаста түсе білуі қарастырылады.

Түйін сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, когнитивті компоненттер, оқу үрдісі, тілдік қарым-қатынас, интеграция.

Усейнова Д.А.

Магистрант КазГосЖенПу

«6M011900 – Иностранный язык: два иностранных языка»

Алматы, Казахстан

e-mail: dil-nura@mail.ru PhD доктор Өтеген Н.О.

РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В данной статье рассматривается развитие коммуникативной компетенции обучающихся на уроках английского языка в средней школе Казахстана. При реализации коммуникативной компетенций обучающиеся должны уметь общаться на иностранном языке и быть готовым и способным жить в современном поликультурном мире.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, когнитивные компоненты, процесс обучения, языковая общения и интеграция.

Useinova D.A.

Candidate for master degree

Kazakh State Women's Teacher Training University

«6M011900 – Foreign language: two foreign languages»

Almaty, Kazakhstan

e-mail: dil-nura@mail.ru

PhD doctor Utegen N.O.

DEVELOPMENT OF PUPILS' COMMUNICATIVE COMPETENCE AT THE ENGLISH LESSON IN PRIMARY SCHOOL

Annotation

This article is devoted to the development of communicative competence of students in English language lessons in the secondary school of Kazakhstan. When implementing communicative competencies, students should be able to communicate in a foreign language and be ready and able to live in a modern multicultural world.

Key words: communicative competence, cognitive component, process of study, language communication and integration.

Бұл мақалада Қазақстандағы орта мектептерде бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі сабағында коммуникативті құзыреттілігін дамытудың жолдары, маңыздылығы, мақсаты, яғни оқушылардың шетелдік өзге тіл өкілдерімен емін-еркін қарым-қатынаста түсе білуі қарастырылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқытудың артықшылығы мен ерекшеліктері де қамтылады. Бастауыш сынып оқушыларының шетел тіліне деген қызығушылығын арттыруда ағылшын пәні мұғалімінің алатын орны өте зор.

Сонымен қатар, мұғалімнің ағылшын тіл сабағында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында түрлі әдістерді тиімді қолдана білуі, соның ішінде оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуда ойын технологияларын пайдаланудың маңызы зор екендігі айтылады.

Қазіргі заман талабының ең басты міндеттерінің бірі бұл – бүкіл білім беру жүйесін түбегейлі жанартып, дәл деңгейге сәйкес келетін жастарға жан-жақты сапалы білім беру. Осыған орай, қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесін жаңарту мәселесіне ерекше мән беріліп, оқытудың ерекше тәсілдерімен жаңаша оқыту технологиясын енгізіп, оқушылардың білім сапасын көтеру басты міндеттердің бірі болып отыр, яғни білім беру алдындағы басты міндет қазіргі қоғамға жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті өзгермелі жағдайда өз әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастыра алатын тұлғалар дайындау. Өз тәуелсіздігімізді алып, көк туымызды көк аспанға желбіреткенде, Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білім ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – «мемлекеттік ана тіліміз, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кіруі тиіс». Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру саласындағы жаңа бағыттар ағылшын тілін оқытуды үнемі

жетілдіруді, оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеру міндеттірін жүзеге асыруды талап етуде. Оның мақсаты елдің біліктілігін арттыру, сол арқылы елді дамыту. Елімізді дамыту тұрғысында білім бері жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды көтеру шаралары іске асуда. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің үшінші түрі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2008 жылғы 29 мамырда бір топ бұқаралық ақпарат құралдары басшылармен кездесуінде “ Тілдердің үш тұғырлығы” мәселесіне байланысты ағылшын тіліне деген өзінің ой пікірін төмендегі сөзімен дәлелдеп берді. «Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі». Бұл тіл Қазақты дүниеге танытып, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Осыған орай, ағылшын тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дайындалады. Сөйтіп, өз пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді [7].

ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы жарқын дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән - мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым – қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз. Осыған орай, ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым – қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлесуге мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Орта мектептердешет тілін оқытудың мақсаты оқушыларға шетелдік білім берудің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың жоғарғы деңгейіне жету жетістіктері, яғни оқушылардың шетелдік және өзге тіл өкілдерімен түсінісіп, еркін қарым-қатынас жасай алуы болып табылады [2].

Қазіргі педогогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [7]

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. **Құзыреттілік дегеніміз** – тұлғаның бойында білім, дағды іскерлік, ерік күш – жігердің болуы. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Құзыреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттігі.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» — қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) — қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. «Коммуникативтік құзыреттілік» — екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.

Шет тілін еркін меңгеру, тіпті шектеулі дәрежеде сөйлей білу – қыр-сыры көп аспектілердің бірі десек, ал қажырлы оқытудың нәтижесі коммуникативтік құзыреттілікте күрделі, көп компонентті құбылыс болғандықтан, шет тілін оқытудың мақсатына, яғни күрделі интеграциялық тұтастықты көрсете отырып, мәдени аралық құзыреттілікке алып келеді. Бұдан мәдени аралық

мотивация, коммуникативтік қатынасқа түсетін екі немесе одан да көп қатысушылардың, әртүрлі элементарлық лингвотномәдени өкілдерінің байланыстарының туатынын білеміз. Ендеше, мәдени аралық мотивацияға алып келетін коммуникативтік құзыреттілікті төмендегідей деңгейде игеру керек:

– шет тілінің жүйелі білімін және тілдік құралдарды тілдік қатынас кезінде пайдалана білу;

– коммуникативтік икемділік, яғни түсіне білу, оны жеткізе білу (белгілі бір сферада, тақырыпта, ситуацияда);

– ауызша және жазбаша түрде байланыс жасай білу, түрлі көлемдегі мәліметтерді хабарлай білу, мәнді-мағыналы, жүйелі жауап қайтара білу, ойын жеткізе білу, мағлұмат ала білу, қатынас жасаушының ойын түсіне білу;

– түрлі мәліметтерді дыбысталған немесе жазылған мәтіндерден әртүрлі тәсілдермен ала білуде қолдана білу және талдау. [1]

«Адамның қарым-қатынасқа бейімділігі психолог-педагогикалық зерттеулерде жалпы коммуникативтілік деп анықталады. Коммуникативті болу үшін адамда белгілі бір коммуникативті құзыреттілігі болуы керек. Г.М. Андрееваның құрған қарым-қатынас концепциясына сүйене отырып, біз коммуникативті құзыреттілік кешенін атай аламыз. Бұл коммуникативті құзыреттілік комплексін игеру адамның дамуы мен қалыптасуына, қарым-қатынас жасауына көмектеседі [2].

Жоғарыда атап айтқандай коммуникативті құзыреттілік ағылшын тілін үйренудегі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі білім талабына сай ағылшын тілін бастауыш сыныптан үйретуде, тіпті десеңіз балабақшада ағылшын тілін үйретуді жүзеге асыруда. Бұл оқушы бойында ертеден бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тіл сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, сонан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтып, ілім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік береді. Ағылшын тілі пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді. Бастауыш сыныптарға ағылшын тілін үйретудегі ең басты міндет ол – шәкірттердің тілдік қарым-қатынас және коммуникативті құзыреттілігін функционалдық қызметте қалыптастыру [4]. Сабақтың құрылымындағы жүйелілік, когнитивті компоненттерімен қоса коммуникативтік- әрекеттік әдістеме басым болса, тіл үйренуші екінші тілді нәтижелі меңгереді. Ана тілін қандай мақсатқа, қандай тәсіл арқылы пайдаланса, ағылшын тілін де солай қолдана алады. Осы жерде Бауыржан Момышұлы атамyzдың тіл туралы жақсы бір сөзі есіме келіп тұр « өзге ұлттың тілін, дәстүрін білмей оның жанын, арманын түсіну, сеніміне, құрметіне бөлену мүмкін емес. Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай» деген.

Сонымен қатар, ағылшын тілі сабағында бастауыш сыныптағы оқушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамыту біліктілігін, оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыруда дидактикалық ойындардың қажеттілігі [3].

М. Жұмабаев *«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе»* деп айтқандай, ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынған. Яғни ағылшын тілін меңгеру барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзыреттілік тапсырмалар арқылы өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру [3].

Ағылшын тілі сабағында тиімді қолдана білген ойын оқушының:

- Білім беру сапасын арттырады.

- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.
- Қиын грамматиканы оңай, әрі қызықты етіп түсіндіруге ықпал тигізеді
- Оқушының сабақ барысында белсенділігін арттырады.
- Оқушылардың жаңа тақырыпты есте сақтау қабілетін арттырады.
- Материалды меңгеруге түрткі болады.

Осы орайда сабақта қолданатын дидактикалық ойындарды 4 топқа бөлуге болады.



1. Фонетикалық ойындар.

Мақсаты: Оқушылардың ағылшын дыбыстарын еш қиындықсыз дыбыстауға, интонацияны дұрыс қоюға және сөздерді дұрыс айтуға үйретеді.

2. Лексикалық ойындар.

Мақсаты: Өткен тақырып немесе жаңа тақырып бойынша оқушылардың сөздік қорларын кеңейту және бекіту.

3. Грамматикалық ойындар.

Мақсаты: Грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға және сөйлемдерді қатесіз айтуға көмектеседі.

4. Орфографиялық ойындар.

Мақсаты: Оқушылардың ағылшын тілінде шығарма немесе хат секілді жазбаша тапсырмаларды сауатты жаза білу.

Ойын технологиясын қолдану арқылы барлық мәселе шешіле қалды деп айту дұрыс емес. Дегенмен, қиындықтар азаяды. Себебі, ойынбастаушы сынып оқушыларының негізгі әрекеті. Бұл жерде ағылшын пәні мұғалімінің алатын орны зор. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Сонымен қатар, кроссвордтар, ребус, жұмбақтар, жаңылтпаштарды тез әрі дұрыс айттыру арқылы оқушылардың тілдері жаттығады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, шапшаң ойланатын болады [3].

Қорыта келгенде, құзыреттілік – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығының сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Жаңа білім жүйесіндегі басты назар аударылатын мәселелердің бірі әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығын білім нәтижелері ретінде игеруіне бағдарланған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Тер Минасева. С.Г «Тіл және мәдениаралық қарым-қатынас» оқулық құралы. 11-12 бет
- 1) Шетел тілін оқыту әдістемесі пәні сабақтарында студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыру [Текст] / Баймағамбетова / Мұғалім.kz Шет тілі-Иностранный язык. - 2011. - №9. - қараша. – 7-9 бет
- 2) Шет тілі сабақтарында ойын түрлерін пайдалану [Текст] / А.А Сарсенғалиева // Мектеп директорының орынбасары. - 2011. - №4. – 8-10 бет
- 3) Мектептегі шет тілі, 2011ж №52 14-17 бет
- 4) Қазақстан мектептеріндегі ағылшын тілін үйрету журналы. Алматы.
- 5) Амандықова Г.Н, Мұхтарова Ш.Е, Баймұханова Б.С. «Шет тілін оқыту әдістемесі». 35-37 бет
- 6) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.-Алматы 2008 // интернет //

МРНТИ 14.35.07

Кенжебаева Мира - ҚазМемҚызПУ магистранты

«6M011900-Шетел тілі: екі шетел тілі»

Ғылыми жетекшісі- ф.ғ.к., доцент Асқарова С.А.

e-mail: nice.kazakhgirl@bk.ru

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Андатпа

Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің дамуы объективті және субъективті факторлар арқылы анықталады. Объективті факторлар мәгін және контекстегі ерекшеліктермен және оны қабылдауға байланысты өрбиді. Бұл мақалада кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті дамыта оқытудың тиімділігін анықтауды басшылыққа алдық.

Соңғы жылдары шетел тілін оқыту мәселесіне үлес қосқан зерттеулер арасында шет тілін оқытуда жекелеген ерекшеліктеріне байланысты болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жеткілікті емес.

Осылайша, оқыту мәселесі ретінде болашақ шетел тілі мұғалімінің жеке тұлғаға бағытталған кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруді көптілді білім беру контекстінде қарастыруға барлық негіз бар. Соңғы аталған мәселе бұл жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Түйін сөздер: болашақ шетел тілі маманы, көптілді білім беру, кәсіби коммуникативтік құзыреттілік, оқыту әдістері

Кенжебаева Мира – магистрант КазГосЖенПУ

«6M011900-Иностранный язык: два иностранных языка»

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Успешность формирования профессиональной коммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ определяется как объективными, так и субъективными факторами. Объективные факторы складываются из особенностей предъявляемого текста и условий, в которых протекает его восприятие. В данной статье определяется особенности формирования профессиональной коммуникативной компетенции студентов.

В решение задач формирования в последние годы вносят вклад актуальные исследования, направленные на формирование профессиональной коммуникативной компетенции в обучение иностранного языка в условиях индивидуализации.

Таким образом, в настоящее время имеются все основания считать проблему обучения иностранному языку совершенствование сложной профессиональной коммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ в условиях полиязычного образования. Последнее и обуславливает актуальность данной работы.

Ключевые слова: будущий учитель иностранного языка, полиязычное образование, профессионально-коммуникативная компетентность, методы обучения

Kenzhebayeva Mira

MA student, Kazakh State Women Pedagogic University

Supervisor – candidate of philological sciences, associate professor Askarova S.A.

WAYS OF THE FORMATION OF A FUTURE FL TEACHER'S PROFESSIONAL COMMUNICATIVE COMPETENCE

Annotation

Success in the formation of a future FL teacher's professional communicative is determined to both objective and subjective factors. Objective factors consist of features of the given text and the context in which occurs by its perception. This article deals with the importance of a future FL teacher's professional communicative competence.

However, there are problems of methods the formation of students' professional communicative competence in conditions of polylingual education. Thus, there is now every reason to consider the problem of teaching students' professional communicative competence for self-improvement complex. The latter determines the urgency of this work.

Key words: a future FL teacher, multilingual education, professional communicative competence, teaching methods

Кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ шетел тілі пәні мамандары кәсіби мәселелерді өздігінен әрі табысты түрде шешуге ықпал ететін кәсіби білімдерді игерген, шеберліктер мен қарым-қатынас жасаудағы жеке қасиеттерді бойына сіңірген, коммуникативтік

құзыреттілікті өздігінен меңгерген, кәсіби жетілуге дайын, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталы тұлға болуы тиіс.

Зерттеу жұмысында болашақ шетел тілі пәні мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін дамыта оқытудың тиімділігін анықтау қажеттігі туындап отыр. Үлгі құрудың мақсаты – болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың тиімділігіне негізделеді.

Тіл оқытуда тілдік ерекшеліктерді қолдана оқыту аса маңызды. Бүгінгі қолданыстағы ағылшын тілі де өзгерісте, сондай-ақ, қазіргі ағылшын тілінің жалпы ағымы - коммуникативтік ситуацияларды кең көлемде қолдану үрдісіне көшуде. Біз өз тарапымыздан, коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың тиімді жолдарын анықтауға бағыттауымыз тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы екендігі мәлім. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін - әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп, ізденісте болып отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады [1].

«Коммуникативтік құзіреттілік» (латынның «competere» -қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Коммуникативтік құзіреттілік - екінші тілді үйренуші студенттерге тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Коммуникативтік құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі [2]. Білім берудің негізгі нәтижесі ретінде мектеп түлегі оқушыда, яғни жеке тұлғада төмендегі құзіреттіліктер болуы тиіс:

Қазіргі білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның «құзыреттілік» қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға мәлім.

Бим И. П., Каменецкая Н. П., Миролубов А. А. «Болашақ маманның негізгі құзыреттілігі ретінде құндылық-бағдарлық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық-технологиялық, әлеуметтік-еңбек, коммуникативтік, өзін-өзі тұлғалық дамыту, т.б. белгіленген. Болашақ маманның тұлғасы, дәстүрлі пәндердің (философия, психология, тарих, мәдениеттану, шетел тілі) әсеріне байланысты қалыптасады» деп анықтама берген [3].

Хуторской А.В. «Шетел тілі пәні мұғалімдердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқыту үдерісін ақпараттық технологиялар арқылы ұйымдастыруда танымдық тапсырмаларды орындауда ақпаратты жинақтау барысында ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау барысында өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет, рефлексия арқылы жүзеге асады» деп нақтылап өткен [4].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бастапқы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, зерттеу тақырыбым бойынша, шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі – алған теориялық тілдік білімін тәжірибеде пайдалана білу белсенділігі, болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты қарым-қатынас әдістері, технологиялары мен құралдарын меңгеруде ақпараттық технологияларды саралап, өзінің даму

деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларын шеше алатын тұлғаның қасиеттер жиынтығы, – деген анықтама шығады.

Ал, енді болашақ шетел тілі маманының кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың жолдары қандай? Бұл жерде ерекше атап өтетін мәселе, болашақ маман қандай болу керек деген сұраққа жауап іздеуіміз керек. Оқыту үдерісінде мақсат қою, оны жоспарлау болашақ маманнан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Сонымен коммуникативтік құзыреттілік талаптарын, сондай-ақ оларды ұйымдастыру жолдарын зерттеу мәселесін тегігін анықтау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- болашақ мамандардың ойлау дербестігін, логикалық, жүйелі ойлауын дамыту арқылы олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға болады;

- танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттері дамиды;

- танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру олардың қызығушылығы мен ізденімпаздық, шығармашылықтың қалыптасуына баулиды.

Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ шетел тілі пәні мамандары кәсіби мәселелерді өздігінен әрі табысты түрде шешуге ықпал ететін кәсіби білімдерді игерген, шеберліктер мен қарым-қатынас жасаудағы жеке қасиеттерді бойына сіңірген, ақпараттық технологияларды меңгерген өздігінен, кәсіби жетілуге дайын, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталы тұлға болуы тиіс.

Кәсіби педагогикалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оған қатысушылардың: оқытушылар мен білім алушылар коммуникация ерекшеліктерінде де із қалдырады. Сөйтіп, коммуникативтік құзыреттілікті дәстүрлі түсіндіру өзгертіліп, кеңейе түседі. Ол үшін Саттаров Т.К. анықтаған ақпараттық технологияның маңыздылығына тоқталып өткенді жөн санаймыз:

- біріншіден, мұғалімдер кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білуі керек, өткені кәсіби әрекеттерді ақпаратсыз іске асыру мүмкін емес;

- екіншіден, кәсіби коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ мамандарды даярлауды қазіргі заман сұранысына жауап беретін тұрғыда іске асыру қажет [5, 30].

Болашақ шетел тілі маманы шетел тілін оқытуда кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін: оқытушы ретінде – сабақ мақсатын дәл қоюы; білімді тірек схемалар, кестелер, дидактикалық материалдар арқылы дамытуы; мәселелерді шешуде топтық, жұптық, жеке жұмыстарды ұйымдастыруы (интерактивті жұмыс); психологиялық дағды мен қалыптасқан құзыреттілікті бағалауы; тілдік құбылыстарды талдау мақсатында тестерді қолдануы және т.б.; болашақ маман – оқыту процесіне белсенді қатысуы; нақты жағдайларда білімнің қолданбалы мүмкіндіктерін пайдалануы; концепциялар мен білімді әр түрлі формаларда қолдана білуі; оқуға жеке дара емес, топтық жағдайда ыңғайлануы; оқыту процесіне тек мәліметті есте ұстап қалмай, барынша көңіл бөлуі қамтамасыз етілуі керек [6].

Дәстүрлі өмірлік білім беру идеясының орнына өмір бойы білім алу идеясын басшылыққа алудың дұрыстығы заман талабынан туындап отыр. Жеделдете оқыту жүйесі педагогикалық жүйелердің бөлігі бола отырып, адамның белгілі бір деңгейдегі еркіндік дәрежесін жүзеге асырады, яғни оны сол мезетте қажет болатын белгілі бір іс-әрекетке бағыттайды. Өз кезегінде жеке тұлға өз кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға ұмтыла отырып, тілдік тұлға

деңгейіне көтеріледі. Өзін-өзі дамыту кезінде тілдік тұлға ұйымдастырудың жаңа деңгейіне көтеріледі де, ол одан сайын дамып, күрделілене түседі. Талап, ынта, жаңашыл бастамалар, шығармашылық белсенділік, ізденушілік - тілдік тұлғаның даму үдерісінің көрсеткіштері болып табылады. Үздіксіз білім беру жүйесінің ұстанымдары жеке тұлғаның жан-жақты жалпы мәдени дамуы, тұлғаның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік даму және т.б. функцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологиялар арқылы шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуында оның ақпараттық іс-әрекетке белсене араласуы, ақпараттық технологиялар құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологиялар құралдары мен әдістерін тарата отырып, болашақ мамандармен арнайы ұйымдастырылатын ақпараттық іс-әрекеттер олардың жеке тәжірибелерінің дамуына, барлық құзыреттердің қалыптасу деңгейінің арттыруына бағытталады. Жоғары білім беру жүйесінің дамуының әлемдік бетбұрыстарды білім беру жағдайында жаңа ортаның - ақпараттық қоғамның пайда болуына себепкер болады.

Ақпараттық технологиялар арқылы шетел тілі пәні мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру олардың білім сапасын көтеруге ықпалын тигізіп қана қоймай, жоғары оқу орнына білімалуда әзінің мүмкіншілігін арттыруға жағдай туғызатынына көз жеткізілді. Ол үшін ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру қажет.

Сонымен, бірқатар еңбектерді талдай келе, болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігінің дамытудың бірден-бір жолы - жаңа технологияларды, оның ішінде ақпараттық технологиялар қолданысы маңыздылығы анықталды. Болашақ маман өзін –өзі жетілдіруі аса маңызды, өйткені білім де, білік те ізденіс пен қажырлы еңбектің жемісі екендігі бізге белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Исабеков С.Е. Картина Мира во фразеологических единицах неродственных языков // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода. – Алматы, 2001
2. Madin S. All is not gold that glitters // Wall Street Journal. -2005. March 4 58 бет
3. Бим И. П., Каменецкая Н. П., Миролубов А. А. и др. О преподавании иностранных языков на современном этапе // Иностр. языки в школе. – 1995. № 3. 58 бет
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования / А.В. Хуторской // Народное образование. Российский общественно-педагогический журнал. – 2003. – №2 69 бет
5. Саттаров Т.К. Формирование профессиональных умений будущего учителя иностранного языка на практических занятиях по специальности: автореф. ... докт. пед. наук: 13.00.02. – Ташкент, 1998. – С. 45
6. Чакликова А.Т. Развитие межкультурно-коммуникативной компетенции на основе информационно-коммуникативных технологий. // Творческое переосмысление – шаг в будущее. – Алматы, 2008. – С. 420-423.

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР
ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИННОВАЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ
MULTILINGUAL EDUCATION AND INNOVATIONS IN LEARNING LANGUAGES**

МРНТИ:16.01.11

Шаяхметова Д.Б.

к.п.н., доцент

кафедра профессиональной иноязычной коммуникации

Казахский Национальный педагогический университет им.Абая

**ТРИЕДИНСТВО ЯЗЫКОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И
ПЕРСПЕКТИВЫ**

Аннотация

Трехязычие - это направление, которому сейчас уделяется большое внимание, как со стороны государства, так и со стороны общества. Сегодня проблему трехязычия, методы развития этой программы многие видят по-разному. Решение данной проблемы, на мой взгляд, лежит во внедрении предметно-языкового интегрированного обучения в образовательный процесс, в применении инновационных методов, а также в употреблении имеющегося опыта, способствующего эффективному изучению языков и контента.

Ключевые слова: модернизация образования, трехязычие, современная система образования, обучение, межпредметные связи, интегрированный урок.

Shayakhmetova D.B.-candidate of pedagogical sciences,associate prof.

TRILINGUALISM IN KAZAKHSTAN:EXPERIENCE,PROBLEMS,PROSPECTS

Annotation

Trilingualism – the direction, which now is being paid a lot of attention, both from the government and from society. Today Trilingualism problem, methods of development of this program many see differently. The solution to this problem, in my opinion, lies in the introduction of content and language integrated learning in the educational process, in the application of innovative methods, as well as in the use of the experience, contributing to effective language learning and content.

Key words:modernization of education, trilingualism, the modern system of education, teaching, interdisciplinary connection, integrated lessons.

Шаяхметова Д.Б.-п.ғ.к., доцент

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫЛЫҒЫ: ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
КЕЛЕШЕГІ**

Қазіргі кезеңде Тілдің үштұғырлылығына - мемлекет пен қоғам тарапынан да көп көңіл аударылып отыр.Бұл мәселені шешу, менің ойымша, тілді меңгеруге ықпал ететін инновациялық технологияны,тәжірибе нәтижесін қолдану және оқу үдерісінде пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды енгізу.

Түйін сөздер: білімді жаңғырту, үштілділік, білім беру, қазіргі заманғы оқыту жүйесі, пәнаралық байланыс, кешенді сабақ.

Модернизация образования является в настоящее время ведущей идеей и центральной задачей казахстанской образовательной политики. Модернизация образования - это комплексное, всестороннее обновление всех звеньев образовательной системы и всех сфер образовательной деятельности в соответствии с требованиями современной жизни, при сохранении и умножении лучших традиций отечественного образования. Это фронтальный пересмотр принципов функционирования системы образования, унаследованных от ушедшей эпохи, равно как и

принципов управления данной системой. Это масштабные изменения в содержании, технологии и организации самой образовательной деятельности, которая также несет в себе значительные рудименты прошлого и во многом подчинена задачам вчерашнего дня. Это, наконец, глубокие изменения в образовательном мировоззрении, все еще в немалой степени авторитарном и тоталитарном, в образовательной политике, пока еще оторванной от потребностей личности, общества и страны.

Два центральных направления модернизации образования - кардинальное обновление содержания образования и экономики образования. Ее стержневые задачи - повышение доступности, качества и эффективности образования. Без решения этих задач образование не сможет выполнить свою историческую миссию - стать двигателем поступательного развития страны, генератором роста ее человеческого капитала.

Модернизация образования - это масштабная программа государства, в рамках которой разработан и уже реализуется план конкретных мероприятий. Среди них выделим те, которые относятся к общеобразовательной школе:

- обновление содержания образования и совершенствование механизмов контроля за его качеством;
- разработка и принятие государственных стандартов общего образования;
- разгрузка содержания образования;
- введение трёхязычного образования;
- введение единого государственного экзамена;
- введение профильного обучения на старшей ступени общеобразовательной школы.

Проблема пересмотра содержания образования сейчас актуальна, как никогда. Уровень развития страны напрямую зависит как от уровня и разносторонности общего образования основной массы населения, так и от качества подготовки специалистов в средней и высшей профессиональной школе. Изменять, обновлять содержание образования с пользой для дела можно только с опорой на его фундаментализацию и с обязательным использованием межпредметных связей. Это значит, что необходимо понимать современный уровень развития соответствующей науки в целом и специфику ее отдельных отраслей.

Современная система образования направлена на формирование высокообразованной, интеллектуально развитой личности с целостным представлением картины мира, с пониманием глубины связей явлений и процессов, представляющих данную картину. Предметная разобщённость становится одной из причин фрагментарности мировоззрения выпускника школы, в то время как в современном мире преобладают тенденции к экономической, политической, культурной, информационной интеграции. Таким образом, самостоятельность предметов, их слабая связь друг с другом порождают серьёзные трудности в формировании у учащихся целостной картины мира, препятствуют органичному восприятию культуры.

Интегрированные уроки же способствуют формированию целостной картины мира у учащихся, пониманию связей между явлениями в природе, обществе и мире в целом.

Закономерность перехода к новому *социокультурному, трёхязычному типу образования* определяется необходимостью формирования у обучающихся адекватной современному уровню знаний картины мира, целостного миропонимания и научного мировоззрения, интеграции личности в национальную и мировую культуру. По словам президента РК Н.А.Назарбаева: "Мы наращиваем темпы внедрения трёхязычия. Это не выдумка и не пожелание, это необходимость. Уже 20 процентов казахстанцев владеют английским языком. То есть знание трех языков - это путевка в глобальную жизнь, это принцип успешности человека в жизни" [1].

Поэтому программа трёхязычного обучения предусматривает создание новой модели образования, способствующей формированию конкурентоспособного в условиях глобализации поколения, владеющего языковой культурой. Знание казахского, английского и русского языков дает молодежи ключ к мировым рынкам, науке и новым технологиям, создает условия для формирования мировоззренческой установки на конструктивное сотрудничество на основе приобщения к этнической, казахстанской и мировой культурам. В этом году делаются первые шаги к внедрению новой модели образования в вузах: реформируются стандарты образования, в вузах открыты спец.отделения, где преподавание ведется на трех языках.

Сегодня в Казахстане в 117 школах уже обучение ведется на трех языках: казахском, английском и русском, а с 2018-2019 учебного года, начиная с шестого класса, «История Казахстана» будет изучаться на казахском языке, «Всемирная история» на русском языке во всех школах страны, независимо от языка обучения. С 2019-2020 годы в старших классах на

английском языке школы начнут изучать предметы «Информатика», «Химия», «Биология», «Физика» [2].

Сегодня в педагогической науке и практике намечаются основные пути разрешения проблем модернизации образования, связанных с вопросами трехязычной интеграции содержания: - создание пространственно-развивающей среды на единых принципах с учётом возрастных и индивидуальных особенностей учащихся [3]; - формирование универсальных умений и способностей - ключевых компетенций: социальной, коммуникативной, информативной, когнитивной, общекультурной, и др.

Межпредметные связи в процессе обучения выступают в качестве существенного фактора активизации учебно-познавательной деятельности учащихся при трёхязычной модели обучения. Исследования психологов показывают, что межпредметные связи на всех этапах их включения в познавательную деятельность ученика играют роль ситуационного или пускового, побуждающего стимула. Решая межпредметные познавательные задачи, ученик направляет свою активность либо на поиск неизвестных отношений, в которых находятся известные предметные знания, либо на формирование новых понятий на основе установленных конкретных межпредметных связей. Знания, полученные в результате предшествующего опыта усвоения межпредметных связей, становятся регуляторами познавательной активности побуждающего стимула.

Все школьные дисциплины обладают своеобразным интеграционным потенциалом, но их способность сочетаться, эффективность интегрированного курса зависят от многих условий. Поэтому прежде чем создавать новую программу, педагогам и методистам необходимо учесть те обстоятельства, которые помогут сделать вывод о необходимости и возможности интеграции.

Для этого учитель прежде всего анализирует уровень подготовленности учеников своего класса, оценивает их психологические особенности и познавательные интересы. Трудности, существующие в их учебной деятельности, могут быть одной из причин использования метода интеграции. Порой успешное изучение школьниками одного предмета зависит от наличия у них определенных знаний и умений по-другому.

Но всё же наиболее глубока основа объединения, когда учителя выявляют в преподавании своих предметов такие поля взаимодействия, которые сближают перспективные цели обучения. Чтобы воплотить замысел достичь поставленной цели, требуется разрабатывать соответствующую технологию обучения, учитывая организацию деятельности учителя и ученика в условиях интегрированного урока, который нередко вызывает споры и разногласия.

В первую очередь это интенсификация познавательного интереса и процесса выработки общеучебных умений и навыков на основе решения одного и того же вопроса интегрированного курса.

В рамках интегрированного урока, курса учителя могут заранее определить, что считать важным, а что второстепенным, чтобы научить своих учеников рационально оформлять свою работу, правильно отроить устные ответы, привить им навыки самоконтроля и самооценки и т.п. Уроки, основанные на подобном взаимодействии учителей, так же относят к интегрированным, хотя материал, изучаемый на них, может никак не перекликаться между собой. Такие уроки относят к *первому уровню*.

Самые распространенные бывают уроки *второго и третьего уровня* интеграции. Под вторым уровнем мы разумеем объединение понятийно-информационной сферы учебных предметов. Такие уроки могут проводиться в целях наилучшего запоминания каких-либо фактов и сведений, сопутствующего повторения, введения в тему дополнительного материала.

Третий уровень связан с задачами сравнительно - обобщающего изучения материала и выражается в умении школьников сопоставлять и противопоставлять явления и объекты. И здесь, как и в предыдущих случаях, необходимо соблюдать основные условия: если урок ведёт один учитель, то должен быть парный ему урок второго учителя-предметника, где анализируются те же факты и проблемы. Очень полезны, поэтому взаимопосещения учителей, чтобы согласовать и скорректировать педагогические действия.

Наиболее глубоким представляется *четвертый уровень* интеграции, когда школьники сами начинают сопоставлять факты, суждения об одних и тех же явлениях, событиях, устанавливая связи и закономерности между ними, применяют совместно выработанные учебные умения.

Вероятно, именно этот уровень следует признать высшим, ведь цель интегрированного преподавания в том и заключается, чтобы научить учеников видеть мир целостным и свободно ориентироваться в нём. И на этом этапе нужно контролировать процесс формирования

"сопряжённого" мышления, отмечать тот момент, когда оно стало внутренней – потребностью ученика.

Интеграция позволяет научить учащегося самостоятельно добывать знания, развивать интерес к учению, повышать его интеллектуальный уровень.

Кроме того, одно из обязательных и основных требований интегрированного преподавания - повышение роли самостоятельности учащихся, потому что интеграция неизбежно расширяет тематику изучаемого материала, вызывает необходимость более глубокого анализа и обобщения явлений, круг которых увеличивается за счёт других предметов. Ученики справятся с подобной работой только, если владеют приёмами исследовательской деятельности и умеют правильно организовать своё время.

В свою очередь к учителю предъявляется очень много требований.

Интегрированный урок требует от учителя дополнительной подготовки, большой эрудиции, высокого профессионализма. Разрабатывая такой урок, учитель должен учитывать:

1. Цель урока (это может быть необходимость сокращения сроков изучения темы, ликвидация пробелов в знаниях учащихся, перераспределение приоритетов и т.п.).
2. Подбор объектов, т.е. источников информации, которые бы отвечали целям урока.
3. Определение системообразующего фактора, т.е. нахождение основания для объединения разнопредметной информации (это - идея, явление, понятие или предмет).
4. Создание новой структуры курса, т.е. изменение функционального назначения знаний.
5. Переработка содержания. (Разрушение старых форм, создание новых связей между отдельными элементами системы).

Таким образом, особенностью интегрированного урока является то, что такой урок строится на основе какого-то одного предмета, который является главным. Остальные, интегрируемые с ним предметы, помогают шире изучить его связи, процессы, глубже понять сущность изучаемого предмета, понять связи с реальной жизнью и возможность применения полученных знаний на практике.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Назарбаев Н.А. Выступление президента РК на XXII сессии Ассамблеи народов Казахстана «Мәңгілік ел: одна страна, одна судьба», 25 апреля 2015г.
2. План мероприятий по реализации Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы.
3. Новое время – новая дидактика: Педагогические идеи Л. В. Занкова и школьная практика. Сб. статей, посвященных 100-летию со дня рождения Л. В. Занкова. – Москва, Самара: Корпорация «Федоров», 2001.

МРНТИ: 378.016.811.111:004

Ғылыми жетекші- ф.ғ.д., профессор Абуов Ж.А.

Бекболатова Л.Н. -Абай атындағы ҚазҰПУ,

*6М011900-шетел тілі:екі шетел тілі мамандығының 1 курс магистранты
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы, Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРГЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН MOBILE LEARNING АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ (B1-B2 ДЕҢГЕЙІ)

Андатпа

Берілген мақалада шетел тілін үйретуде мобильді оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі мен жекелеген смартфон бағдарламалары мен қосымшаларын дәріс барысында қолдану ерекшеліктері туралы айтылады. Студенттердің мобильді оқыту арқылы білім алуға қызығушылығын арттыру және мобильді құрылғылардың мүмкіндігін білім беруге тиімді пайдалану мақаланың түйіні болып табылады.

Түйін сөздер: мобильді оқыту, шетел тілдерін үйрету, мобильді құрылғылар, смартфон бағдарламалары.

Научный руководитель- д.ф.н., профессор Абуов Ж.А.
Бекболатова Л.Н. -магистрант 1-курса по специальности 6M011900 –Иностранный
язык:два иностранных языка,
КазНПУ имени Абая, lyazzat_95.95@mail.ru

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ С ПРИМЕНЕНИЕМ “MOBILE LEARNING” (B1-B2 УРОВЕНЬ)

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности использования мобильных технологий и смартфонов в процессе обучения иностранного языка. Главная суть статьи направляется на то, чтобы усилить интерес обучающегося к иностранным языкам с применением мобильных технологий и возможности применения мобильных технологий и смартфонов в изучении иностранного языка.

Ключевые слова: мобильное обучение, изучение иностранных языков, мобильные устройства, смарт программы.

*Abuov Zh.A.- Doctor of Philological Sciences, Professor
Bekbolatova L.N.-1st year student of masters' degree by specialty
6M011900 –Foreign language: two foreign languages
named after Abai, lyazzat_95.95@mail.ru*

EFFECTIVENESS OF LEARNING STUDENTS FOR FOREIGN LANGUAGES WITH USING “MOBILE LEARNING” (B1-B2 LEVEL)

Annotation

The article focuses on the effect of using mobile teaching technologies, separate smart programs and its supplements in the process of foreign language teaching. The essence of the article is to develop students' interests to the lesson with the help of mobile teaching and make use of mobile arrangements in the process of teaching.

Key words: mobile teaching, teaching foreign languages, mobile arrangements, smart programs.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту — қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр. Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы-жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді. Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті

мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Қазіргі ақпараттық ғасырда білім беру жолдарының бірі — мобильді оқыту. Яғни, ұялы телефондар, смартфондар, планшетті компьютерлер және тағы басқа портативті құрылғылар арқылы білім беру процесін жақсартуға, дамытуға мүмкіндік туып отыр. «Мобильді оқыту» термині «қашықтықтан білім беру» ұғымымен тығыз байланысты. Мұнда оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасы қашықтықтан жүзеге асып, оқу үдерісіне тән компоненттер (мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастыру формасы, оқыту құралдары) түгел қамтылады.

Американдық «Video Arts» компаниясының өкілі Мартин Эддисонның айтуынша қазіргі таңдағы жеті үрдіс білім алуда мобильді коммуникация құралдарын пайдалануға итермелейді. Дәлдеп айтса, олар төмендегідей:

1-ші үрдіс. Білім алудың шағын форматына сұраныс болуы.

